



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Кешегі жексенбі, яғни 6 қазан ел болашағы үшін маңызды күн болды. Елімізде АЭС салу жайын халық шешіміне қалдырып, референдум өтті. Бұл күні қазақ жұрты ел болашағы үшін өз таңдауын жасады.

### EXIT POLL НӘТИЖЕСІ: қазақстандықтар АЭС салуды қолдайды

Мемлекет басшысы референдумға байланысты өз таңдауын жасағаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Президент референдум туралы пікір білдіріп, одан қандай нәтиже күтетінін айтты.

– Бүгін – тарихи күн. Халқымыз АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беріп жатыр. Референдум – тікелей демократияның өте тиімді тетігі. Халқымыз қандай шешім қабылдаса, мемлекетіміздің түпкі байламы да солай болады. Нәтиже оң болады деп ойлаймын. Шын мәнінде, бұл – тағдыршешті оқиға. Сондықтан мен референдумды қолдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Референдум қорытындысы бойынша халқымыз АЭС салуды қолдаса, оның құрылысын қай ел жүргізеді?» деген сұраққа жауап берді.

– Бұл оңай мәселе емес. Үкімет талдау жасап, тиісті келіссөздер жүргізуге тиіс. Менің пікірімше, Қазақстанда ең озық технологиялары бар әлемдік компаниялардан құралған халықаралық консорциум жұмыс істеуі қажет. Қалғанын уақыт көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

2-БЕТТЕ

Жексенбіде референдум учаскелерінде дауыс беру қарқынды жүрді. Қала халқы бірлік танытып, өз таңдауларын жасауға белсене атсалысты. Қала тұрғындары референдумда белсенділік танытты. Жалпы Қызылорда қаласы бойынша 126 дауыс беру учаскесі болса, барлығында жұмыс қызды. Тұрғындар таңнан бастап толассыз келіп, өз таңдауын жасады.

### ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ



№11 Ө.Тыныбаев атындағы мектеп-лицейде орналасқан №225 референдум учаскесінде дауыс беруге келген адам қарасы көп. Референдум учаскесінің хатшысы Алтынай Сәрсенованың айтуынша, тұрғындар белсенді. Олардың арасында 85 жастағы Айжамал әже бар. Батағай ана маңызды шараға сәттілік тілеп, ақ батасын беріп, сый-сияпатқа ие болды. Еңбек ардагері Рамазан Молдашев та ертемен дауыс бергендер қатарында. Ал ең алғаш рет дауыс берген 2006 жылғы Сара Батыршаева да өзінің жүрекжарды тілегін білдірді. «Алғаш рет дауыс бергеніме қуаныштымын» дейді ол.

«Нұр Орда» бөбекжай-балабақшасында орналасқан №385 референдум учаскесінде де тұрғындар легі толастамады. Жергілікті тұрғындар саяси шараға бейжай қарамайтындықтарын білдірді.

– Ең алғаш дауыс берушілер мен үлкен кісілерге сыйлықтар берілді. Сонымен қатар ұлттық нақышта киініп келген отбасыға да құрмет көрсетілді. Келушілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, қазақтың ұлттық тағамын ұсындық, – дейді №385 референдум учаскесінің төрайымы Айкерім Усерова.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ



**БЕКЕТТЕ  
БАЛЛОНҒА ГАЗ  
КҮЙМАЙДЫ**

2-БЕТТЕ

## МЕМОРАНДУМ ҒЫНТҮМАҚТАСТЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ

Корея Республикасы Тэджон қаласы Юсонгу ауданы әкімі Чон Ен Рэ бастаған делегация Қызылорда облысына іссапармен келді. Делегация Корея елінің халық қаһарманы Хон Бом Донның мемориалдық кешенінде болып, Корея елі батырларының құрметіне гүл шоқтарын қойды.



Айта кету керек, өткен жылы Корея Республикасы Тэджон қаласының әкімшілігі және Қызылорда облысының әкімдігі өзара ынтымақтастықты дамыту және екіжақты алмасуларды жалғастыру мақсатында бауырластық катынастар орнатқан.

Өткен жылы Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Корея Республикасы Тэджон қаласының мэрі Ли Чан Ву мырза өңірлер арасындағы байланысты өркендету үшін бауырластық катынастар орнату туралы меморандумға қол қойған еді.

Осы Меморандум аясында қала әкімі Нұржан Ахатов Тэджон қаласы Юсонгу ауданы әкімі Чон Ен Рэ мырзамен кездесті. Кездесуде Корея Республикасы мен Қызылорда облысы арасындағы жан-жақты байланысты, әр саладағы озық көрсеткіштерді сөз етті. Сондай-ақ инвестиция, туризм, ауыл шаруашылығы және қоғалдандыру бағытындағы даму көрсеткіштері жөнінде айтылды.

Шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы меморандумда көзделген бағыттар бойынша белсенді жұмыс жүргізуге дайын екенін жеткізді.

Айта кету керек, Қызылорда облысы мен Кореяның ең ірі қалаларының бірі және ғылыми-технологиялық астанасы – Тэджон қаласын тарихи байланыс біріктіреді. 2021 жылдың тамыз айында Кореяның ұлттық батыры Хон Бом Донның сүйегі Қызылордадан осы Тэджон қаласының Ұлттық зиратына жерленген. Сондай-ақ меморандумда сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастықты дамыту көзделген.


А.СПАНДИЯР

## БАС ЖОСПАР ЖАҢАРАДЫ

Қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратовтың төрағалығымен бас жоспарды жаңадан әзірлеу жобасы бойынша жиын өтті. Жиынға басқарма басшылары, кент, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары, жобалаушы мекеменің өкілдері қатысты.

2025 жылы бас жоспардың қолдану мерзімі аяқталуына байланысты биыл Қызылорда қаласының бас жоспарын жаңадан әзірлеу үшін ашық конкурс жарияланып, нәтижесімен Алматы қаласының «Казгипроград – 1» жобалау институты ЖШС жеңімпаз атанды.

Жиында «Казгипроград – 1» жобалаушы мекеменің директоры Лияс Темірбаев республика бойынша компаниялардың оң пікірлерін, осы саладағы бай тәжірибесін атап өтіп, қазіргі таңда жоба бойынша бастапқы ақпаратты жинау және қолда бар материалдарды нақтылау жұмыстарын жүргізіп жатқанын жеткізді.



Қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Сыражадинұлы бас жоспарға өзгерістер енгізу барысында ирригациялық жүйелер мен инфрақұрылыммен қамту, тұрғын үй құрылысы мәселелеріне айрықша ден қойып, қаланың дамуына қатысты барлық есептеулер мен талдаулар мұқият назарға алыну

керекін ескертті. Сондай-ақ осы жұмыстарды сапалы орындау мақсатында кент, ауыл әкімдеріне, бөлім басшыларына, коммуналдық мекемелерге бастапқы ақпаратты ұсыну жөнінде тиісті тапсырмалар берді.

Н.ТҮРСЫН

## ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Сыр ұстаздарының мерейі тасып, мәртебесі үстем болды. Мұғалімдер күніне арналған салтанатты жиында ұстаздар қауымының еңбегі жанып, құрмет төріне көтерілді. Марапат мінберіне шыққан мәртебелі мамандық иелері де жетерлік. Жиынға қала әкімі Нұржан Ахатов және облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов қатысты.

– Президенттің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» идеясы білім саласындағы бірегей ұлттық жобаға айналып, облыс орталығынан заманауи үлгідегі 8 мектеп салынып жатыр. Оның біреуі шаһардың сол жағалауында жуырда ғана ел игілігіне табысталды. «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен сол жағалаудан 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Жастарымыздың спортпен шұғылдануына, өнермен, ғылыммен айналысуына

мүмкіндік беретін «Инновациялық шығармашылық орталығы», халықаралық стандарттарға сай келетін 10 мың орындық «Орталық стадион», жабық бассейні бар дене шынықтыру кешені, 650 орындық жана үлгідегі музыкалық колледждің де құрылысы қарқынды атқарылуда. Биылдың өзінде қаладағы білім саласына бағытталған қаржы көлемі 72 млрд теңгеден асты. Осы аталған ауқымды жобалар, игілікті істердің барлығы қаладағы жеті жарым мыңнан астам педагогтың кедергісіз қызмет етуі мен шәкірттердің сапалы білім алу үшін жасалып жатқан жұмыстардың бір бөлігі

ғана. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді Нұржан Ахатов.

Салтанатты шарада ардагер-ұстаздарға Оқу ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Құрмет» грамотасын, облыс әкімінің «Алғыс» хатын және үздік 10 педагогке 150 мың теңгенің сертификаты табысталды.

Ақ тілек-құттықтаулар, ыстық ықыластың барлығы да бұл күні ұстаздар қауымының құрметіне арналды. Оқушылар ән-жырдан, биден шашу шашып, мереке сәнін аша түсті.

Д.ҚЫРДАН



# EXIT POLL НӘТИЖЕСІ: қазақстандықтар АЭС салуды қолдайды

## ШЫҒУ байқаушылары: дауыс беру қалыпты өтті

Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен баспасөз конференциясында Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҒУ) миссия мүшелері Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша референдумды бақылау барысында атқарған жұмысын қорытындылады. ШЫҒУ байқаушылары референдум өткізу үшін барлық жағдай жасалғанын, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жағдай жасалғанын атап өтті. Олег Копыловтың айтуынша, АЭС салуды қолдайтындар мен бұған қарсы азаматтар референдумға шығарылған мәселе бойынша үгіт жұмыстарын еркін жүргізді. Миссия мүшелері бақылау үшін өз бетінше таңдаған 35 учаскеге барды. ШЫҒУ байқаушылар миссиясының басшысы дауыс беру белгіленген тәртіпті сақтай отырып, қалыпты өткенін айтты.

## Референдумның алдын ала қорытындысы: 7,8 млн-нан аса адам таңдау жасады

АЭС бойынша референдум да өз мәресіне жетті. 6 қазанда ел бойынша 10249 референдум учаскесінде дауыс беру басталған еді. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Астана – кешенді әлеуметтік зерттеулер институты» талдаушысы Әлібек Тәжібаевтың айтуынша, «Астана – кешенді әлеуметтік зерттеулер институты» жеке қоры «Хабар» агенттігі» АҚ тапсырысымен 2024 жылдың 6

Басы 1-бетте



қазанында дауыс беру учаскелерінен шыға берісте exit-poll әдістемесі негізінде азаматтардың ерік білдіру нәтижелерінің алдын ала есебін жүргізген екен. Сауалнама нәтижесі бойынша елімізде «иә» деп 69,8 пайыз дауыс берсе, «жоқ» деп 30,2 пайыз дауыс берді. Бұл – жақсы көрсеткіш. Бұл халқымыздың ел болашағына бей-жай қарамай, белсенділік танытқанын көріп отырмыз. «AMANAT» партиясының «Қоғамдық саясат институты» жекеменшік мекемесі өткізген exit-poll нәтижесі бойынша «иә» деп 72,3 пайыз таңдау жасаса, «жоқ» деп 27,7

пайыз дауыс берді делінген. Жарияланған мәліметтерге сәйкес, референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 миллион 284 мың 487 адамды құрады. Жалпыхалықтық референдумның қорытындысы бойынша республикада 7 млн 820 мың 204 адам таңдау жасаған екен. Орталық референдум комиссиясының дерегіне, дауыс беруде Алматы қаласының белсенділігі төмен болды. Қала тұрғындарының тек 25,39 пайызы таңдау жасаған. Аймақ тұрғындары саяси науқанда ерекше белсенділік танытты.

Дауыс беруде ең белсенді болған өңір – Қызылорда облысы. Бұл республика бойынша рекордты көрсеткіш саналады.

## Сырбойылықтар белсенділік танытты

Аймақта 380 референдум учаскесінің 126-ы Қызылорда қаласында, 254-і аудандарда орналасқан. Таңнан бері дауыс беруші азаматтар учаскеге келіп, өз таңдауларын жасауда. Олардың қатарында, алғаш дауыс берген, сол күні шаңырақ көтерген ерлі-зайыптылар да өз таңдауын жасады. Мұнан бөлек, азаматтар үшін 109 бірінғай байланыс орталығы да үздіксіз жұмыс жасады. 4 ауысыммен жұмыс жасаған 36 диспетчер 25 күннің ішінде 2000-нан аса қоңырауға жауап берсе, референдум күні 1000 аса қоңырау түскен екен. «Жедел әрекет ету орталығы» КММ директоры Темірхан Мұқанғали айтуынша, келіп түскен сауалдардың тізімі бөлігі – азаматтардың өз учаскесін анықтауы және тізімде жоқ азаматтардың дауыс берушілерді уақытша тіркеу мәселесіне қатысты болды.

Референдумда дауыс беруге ниеттенген 4251 азамат үйден дауыс беруге өтініш қалдырған екен. Оның 685 адамы Қызылорда қаласында дауыс берсе, қалған азаматтар ауданда өз таңдауын жасады.

Шетелде жүрген азаматтарымыз да елдік мәселені қалыс қалмай, өз таңдауын жасады. Олар үшін 74 референдум комиссиясы жұмыс істеді. ҚР Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі мәліметінше, 59 елде дауыс берген Қазақстан азаматтарының жалпы саны 9976 адамға жетті. Бұл дауыс берушілердің қатысу белсенділігі тұрғысында 81,6% құрады.

С. ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ



Күн салқыны сезіліп, қылышын сүйретіп қыс келетінін хабар берді. Жылу беру маусымы да жақындап қалды. Жалпы қала бойынша орталықтандырылған жылу жүйесіне 1621 нысан қосылған. Бүгінде кәсіпорынның теңгерімінде 23 энергия өндіруші нысан бар.

## ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА САҚАДАЙ САЙ

қайта жаңғыртылуда. Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен ұзындығы 4,3 шақырымдық кварталаралық жылу желілеріне ағымдағы жөндеу жүргізілген. Қала жылу маусымына сақандай сай. 15 қазанда жылу беріле бастайды. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Қызылорда жылу электр орталығы мекемесінің «Жылу жүйелері» бөлім

басшысы Хасанғали Иманғалиев баяндады.

– Қазіргі таңда магистралдық және кварталаралық жылу құбырларының тығыздығы мен беріктігін сынау үшін гидравликалық сынақ жұмысы жүргізілуде. Егер күнтізбелік бес күн ішінде гидрметеорологиялық қызмет тіркеген сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +10С және одан төмен



немесе сыртқы ауа температурасы күрт төмендесе, қала әкімінің шешімімен жылу беру маусымы басталады, – деді бөлім басшысы.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ



Автокөліктерге арналған газ құю бекеттерінде тұрмыстық газ баллондарға газ құюға тыйым салынады. Бұл ретте көп қабатты тұрғын үй-жайларда тұрмыстық газ баллондарын сақтауға және пайдалануға жол берілмейді. Бұл туралы Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Ғабит Бабаев брифингте айтты.

## БЕКЕТТЕ БАЛЛОНҒА ГАЗ ҚҰЙМАЙДЫ

– Ең алдымен, газ құю бекеттері қауіпсіздік шарасын қатаң сақтауы қажет. Өйткені газ қондырғыларын дұрыс пайдаланбау төтенше жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін. Тұрмыстық газ баллондарына рұқсаты бар газ толтыру бекеттері мен станцияларында газ құюға және газ толтыруға болады, – деді Ғабит Әбдінабиұлы.

Бүгінде қалалық төтенше жағдайлар басқармасы тарапынан тұрғын үй секторында өрттің болуына жол бермеу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Ғ.Бабаев брифингте қала тұрғындарын төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтауға шақырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Кәсіподақ – еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын ұйым. Кәсіподақтардың ұйымдық құрылымы мен жұмыс тәсілдері арқылы жұмысшылардың дауысы естіледі. Бұл әсіресе, дағдарыс кезінде немесе жалақы, еңбек жағдайлары, еңбек уақыты сияқты мәселелер туындағанда маңызды.



## КӘСІПОДАҚ КҮШІ – БІРЛІКТЕ

Сенім – кәсіподақтың тағы бір негізі. Ортақ мақсатқа жету үшін ынтымақтау кәсіподақтың тиімділігін арттырады.

Кәсіподақтың абыройы қоғамда еңбекші қауымының мәртебесін көтеруге ықпал етеді. Ұйымның міндеті еңбек адамын қорғау ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуші ұйым ретінде танылмай. Кәсіподақтар еңбек нарығындағы теңдікті орнатып, жұмысшылардың мүдделерін қорғауда маңызды рөл атқарады.

Кәсіподақтардың тарихы теренде жатыр. Ғасырлық тарихы бар ұйым жұмысшылардың құқықтарын қорғауда, әлеуметтік реформаларды енгізуде, еңбек заңдарын жетілдіруде шешуші рөл атқарды. Бүгінде кәсіподақтар жаһандану және еңбек нарығындағы өзгеріс-

термен бетпе-бет келіп отыр, бұл үшін ынтымақтау кәсіподақтың тиімділігін арттырады.

Кәсіподақ – еңбекшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, құқықтарын қорғауға, және қоғамдағы әділдік пен теңдікті қамтамасыз етуді мақсат етеді. Кәсіподақ жұмысы тек жұмысшылар үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де маңызды. Осы орайда, кәсіподақтардың қызметі арқылы еңбекшілердің дауысы естіліп, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қызмет етіп келеді деп нық сеніммен айта аламын.

Нұрсұлтан  
ҚАЙРАҚБАЙҰЛЫ,  
Т.Есетов атындағы  
№264 мектеп-лицей  
«Дене шынықтыру» пән  
бірлестігінің жетекшісі

## ҒЫЛЫМИ САРАПШЫЛАР БАС ҚОСТЫ

Достық үйінде «Референдум қорытындысы – ұлт барометрі» тақырыбында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы ғылыми-сарапшылық тобының отырысы өтті. Оған зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, сарапшылар, этномәдени бірлестіктер, облыстық ҚХА құрылым мүшелері мен БАҚ өкілдері қатысты.



Жиынды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Тарих» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты ҚХА жанындағы ғылыми-сарапшылық тобының жетекшісі Айтжан Оразбақов ашып, жүргізді. ҒСТ мүшелері Дәулет Омаров, Аман Абасқлов, Талғат Телеубаев, Әлібек Жаппасбаев, Қуаныш Жарекеев, Алексей Абдулханов референдум қорытындысы, АЭС-тің ел дамуындағы әсері бағытында өз ойларын ортаға салды.

– Әрине, әдепкіде АЭС жайлы әркілі түсінік болды. Өйткенмен бұл бастаманың пайдасын түсінген халықтың пікірі кейін бір арнаға тоғысты десек те болады. АЭС Қазақстан үшін жаналық емес. Осыған дейін Ақтаудағы АЭС ширек ғасыр елге қызмет етті. Кейін уақыты келген соң тоқтады. Қазіргі реакторлар жанашыл, төрт буынды. Дәл қазір маман тапшылығы бар екенін жасыра алмаймыз. Бірақ осы нысанның құрылысы жүретін 15 жыл ішінде мамандарымыз

тәжірибе жинап, үйреніп алады. Ал экономикалық тұрғыда салған қаржы 50 жылда қайтады. Қауіпсіздігі тұрғысынан 9 баллдық жер сілкінісіне шыда беріледі, – деді ғылыми сарапшылық топ мүшесі Бақытхан Әбдіқадыров.

Атом электр стансасы салынса, елдегі көп мәселе шешімін табатынына сенімді профессор Әнипа Тапалова бұл бастаманың бірнеше тиімділігін атап өтті. – Ең біріншіден, болашақта энергия жетіспеушілігі болатынын ойлауымыз керек. Энергияны судан алатын болсақ, біздің елде су тапшылығы да бар екенін көріп жүрміз. Енді суды жерасты көздерінен алуымыз керек. Ол үшін атом электр стансасы керек. Экологиялық тұрғыдан бұл климаттық өзгерістердің алдын алуға жақсы. Ал экономикалық тұрғыдан инвестор тартуға тиімді. Инвесторларды тарту үшін оларға жағдай жасап, тұрақты энергия көзін реттеуіміз керек. Міне, осы ретте атом электр стансасы қажет, – деді Ә.Тапалова.

Жиында мамандар сарапшы ретінде көптеген мәселе көтерді. АЭС бағытында оған байланысы бар салалардың да тақырыбы қозғалды. Ғылыми-сарапшылық топ мүшелері тақырыпты белсенді талқылап, жиналғандардың сауалдарына жауап берді.

Д.ҚЫРДАН

## ҚҰТҚАРУШЫЛАР САЙЫС ТӨРІНДЕ

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің «Жедел құтқару жасағы» оқу жаттығу базасында «Кроссфит» сайысы ұйымдастырылды. Аталған шараға құтқарушылардың отбасы мүшелері шақыртылып, құтқару қызметінің күн тәртібімен танысты.



Құтқару бөлімшелері арасындағы тартысты бәсекеде қатысушылар 10 мәрте белтемірге тартылып, жүк көлігінің доңғалағын 15 метр қашықтыққа енімен айналдырады. Ал 24 келілік тір тасын 10 мәрте көтеріп, ауыр боренені 10 мәрте көтеріп отырып-тұруы қажет. Мұнан соң жүк көлігінің доңғалағын 10 метр қашықтыққа ауыр кувалмен ұрып жылжытқан соң, жерден қолды бүгін жазу жаттығуын 20 мәрте жасады. Мұнан соң кезек келесі қатысушыға

беріледі. Әрине, мұның барлығын бір мезетте жасау оңайға соқпаса анық.

– Кроссфит жаттығулары – күш пен төзімділікке арналған заманауи спорт түрі. Ал құтқарушылар мұндай жаттығуларды күнделікті орындайды. Өйткені құтқарушылардың қызметі шыдамдылықты, физикалық дайындықты пен қайсарлықты талап ететін іс-қимылдардан тұрады, – деді ұйымдастырушылар.

Сайыс қорытындысымен №2 құтқару бөлімшесі I орынды қанжығасына байласа, №4 бөлімше II орынды еншіледі. Ал №3 бөлімше үздік үштікті түйіндеп, III орынға табын тірді. Сондай-ақ кроссфит сайысында ең үздік нәтиже көрсеткен С.Әлібеков пен 50 жастан асса да жастардан қалыс қалмай үздік нәтижесімен көш бастаған П.Нарынбетов те марапат мінберіне көтерілді.

Шара соңында құтқарушылардың балаларына авариялық-құтқару жұмыстары кезінде қолданылатын арнайы техникалар мен құрал-жабдықтар таныстырылды. Арнайы дайындалған қорғау балалардың құтқару қызметіне қызығушылығын оятты.

Аян СПАНДИЯР

САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

# ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАҒАРМАН

**Сағадат Нұрмағамбетов адамгершілігімен, талапшылдығымен, дарындылығымен, өмірлік және кәсіби тәжірибесімен, көрегендігімен, феноменальды жадымен, жоғары жауапкершілік сезімімен, оптимизммен және, әрине, әскери қабілеттілігімен, әскери істерді жақсы білуімен ерекшеленді. Ол Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құруға және дамытуға бар күш-жігерін салды.**



1989 жылы аудан тарағаннан кейін С.Нұрмағамбетов Қазақ Қоғамдық кеңесінің төрағасы болды. Соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ардагерлерінің республикалық кеңесі және бірлесімі Жоғарғы Кеңес Комитетінің, Қазақ КСР Қарулы Күштер ардагерлері мен мүгедектерінің істері жөніндегі төрағасы болды. 1991 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен С.Нұрмағамбетов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы, 1992 жылғы мамырда

2016 жылы Севастополь қаласында өткен «Бірге жеңдік» деректі фильмдер мен телебағдарламалардың XII IFF-інде «Үздік портреттік очерк» номинациясын иеленді.

Сол жылдардың қиындығына қарамастан Сағадат Нұрмағамбетов қазақ әскерінің дамуына зор үлес қосты. Сағадат Қожахметұлы үшін Отан қорғау жай ғана кәсіп емес, бүкіл өмірінің мәніне айналды. Ол әскерге жарты ғасырдан астам уақыт берді. Бүгінде оның шәкірттері қызмет етпейтін, жұмыс істемейтін бірде-бір құрылым жоқ. Ал армия генералы Нұрмағамбетовтың тәлімін алғандар мақтанышымен айтады. Олар өз жетістіктерін батырдың атымен байланыстырады. Оның өмірі мен тағдырының өзі ерлік болғаны сөзсіз. Қазақстанның кейбір қалаларының – республикалық «Жас Ұлан» мектебінің (қазіргі әскери колледж), сондай-ақ Алматы жоғары құрама қару-жарақ командалық училищесі және (қазіргі Әскери институт) көшелерін батыр есімімен аталады.

1999 жылы Астана қаласындағы мемлекеттік және шет тілдерін, әскери пәндерді, сондай-ақ күшейтілген дене дайындығын тереңдетіп оқыту үшін құрылған «Жас Ұлан» республикалық мектебін генерал Нұрмағамбетовтың есімі берілді.

Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына орай оның шағын Отаны Ақкөл қаласында алаң мен ескерткіш орнатылады. Алаңды абаттандырумен Ақкөл облы-



Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болып тағайындалды. Сағадат Қожахметұлы қазақ әскері үшін көп еңбек сіңірді. Оның бастамасымен елде әскери кадрларды дайындау қолға алынды, қазіргі Қарулы Күштердің берік іргетасы жауынгерлік дайындыққа үлкен мән берді. 1995 жылдың қарашасында С.Нұрмағамбетов армия генералы шенімен зейнеткерлікке шықты, одан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметін атқарды. 1971-1994 жылдары Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып бірнеше рет сайланды. Сағадат Қожахметұлы өзінің әскери жолы мен Қарулы Күштер қатарындағы көп жылғы қызметі туралы «Отпен бетпе-бет», «Менің алғы шебім», «Естелікте тыныштық жоқ» атты кітаптарында сөз етті. Сағадат Нұрмағамбетов 2005 жылы 9 мамырда Нью-Йоркте екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 60 жылдығына арналған БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық отырысында сөз сөйледі.

Сағадат Қожахметұлы 2013 жылы 24 қыркүйекте 90 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Әйтсе де оның артында мол мұра қалды. Қазақ тарихында есімі алтын әріптермен жазылды. Батырға табыс-талған көптеген орден-медалдар – оның ерен ерлігіне деген зор құрмет. Мұнан бөлек, Астана, Алматы, Донецк қалаларының құрметті азаматы атанды. Елдің көптеген қаласындағы көшелер оның есімімен аталады. Астана, Тараз қалаларында, Гвардейское ауылында және туған жері Ақкөлде оған арналған ескерткіштер орнатылып, оның есімімен мұражай ашылды. Алматыдағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтында С.Нұрмағамбетовтың ескерткіші, Сағадат Қожахметұлының бюсті де Мәскеуде, «Поклонная» төбесіндегі Ұлы Отан соғысының орталық мұражайында бар. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы шығарған «Соңғы сұхбат» фильмі

сының әкімдігі айналысып жатыр, ал ескерткіші Қазақстанның Қорғаныс министрілігі орнатады. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Қорғаныс министрілігі Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің басшысы Тілеухан Басқожаев айтты.

Сондай-ақ Астанадағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы қошегер елорда әкімдігі ескерткіш орнатады. Сонымен қатар қазақ курсанттары туралы «Әскери құмырсқа» сериалының түсірілімі аяқталды. Түсірілім Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтында өтті. Сериал қазақ курсанттарының өмірін баяндап, намыс пен парыз, Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік тақырыптарын ашады. Бұл – Кеңес Одағының Батыры мерейтойына тарту. Мәдениет және ақпарат министрлігі бірлесіп армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың өмірі мен қызметі туралы деректі-биографиялық фильм шығару жоспарлануда. Сонымен қатар «Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына – 100 жыл» пошталық маркасын әзірледі.

2024 жылдың маусым айында Алматыда Құрлық әскерлері Әскери институтының Әлі атындағы оқу орталығының базасында Сағадат Нұрмағамбетовты еске алуға арналған «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жыны өтті. Оған ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерден, сондай-ақ Әзірбайжан мен Әзбекстаннан командалар қатысты.

Сондай-ақ еліміздің он қаласында Қазақстан Қарулы Күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи мұражайы «Халық жүрегіңдегі батыр» атты көшпелі көрмелер ұйымдастырылды.

**Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,**  
Қызылорда «Болашақ» университетінің жоғары колледжі оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші

ДЕТЕКТИВ

Бір апта уақыт өтті. Сараптама қорытындысы дайын болыпты. Мәйіттің жүрек тұсына пышақ кірген, бас сүйегі сынған, үстіндегі киімдері физикалық қатынас арқылы жыртылғаны көрсетілген. Бірақ ең соңында өлім алдында инсульт алғаны көрсетілген. Тергеуші ойлап қалды. Инсульт?! Инсульті несі тағы. Әзіз телефонмен Тергеу бөлімі бастығына хабарласты.

– Алло! Саулығыңызды тілеймін, полковник мырза. Жақсыбайдың сараптама қорытындысы дайын болыпты, бір түсінбей тұрғаным өлер алдында инсульт болыпты.

– Не дейді! Инсульт. Қайдағы инсульт?! Дерек маған кел...

– Күп болады!

Тергеу бастығы Жасұлан Өзенов көпті көрген, тәжірибелі, тергеу саласында жиырма жылдан аса қызмет еткен жан еді. Сараптама қорытындысын оқи келе: – «Е... е - е... Сонда марқұм Жақсыбай инсульт алған сәтте қылмыскер ақшасы мен ұялы телефонның тартып алмақшы болған, бірақ ол қасарысып жатқан сәтте басынан ұрып, болмағасын жүрегіне пышақ сұғып өлтірген болса керек. Е... адамда аяушылық қалмаған заман-ай... Капитан, бұл іс басында адам жоғалу бабымен тіркелген, одан адамды қасақана өлтіру бабына дәрежеленді, іс облыс басшылары бақылауында. Еш нәрсе назардан тыс қалмасын, қылмыскерді табуға күш салындар, ол жауызды ұстау керек. Түсіндің бе, мені...» – деп сөзін қорытты.

Тергеушілердің «Токта! Полицияданбыз!» дегеніне мойын да бұрар емес. Осы кезде оны қуып жеткен Болат желке тұстан сокқы жасады. Зәкір жерге құлады, қыз шығырып жіберді. Болат Зәкірдің қолын арттына қайырмақ болып жатқан кезде ол қалтасынан пышағын алып, Болаттың бүйіріне сұғып-сұғып алған болатын. Осы сәтте Әзіз де жетті. Мұның барлығының қас пен көздің арасында болғаны сондай, былайғы жұрт не болғанын түсінбей де қалды. Әзіз қылмыскерді тұтқындады. Бірақ, көңілі алаң, «Болаттың жаракаты қалай екен» – деп уайым шегуде. Дабыл қаға желел жәрдем оны алып бара жатқанда құлағында «Қылмыскерді ұстап, кім екенімді көрсеткім келеді. Өке-шешем мені мақтан етсе екен – деп ойлаймын» – деген Болаттың үні тұр еді.

\*\*\*

Бір апта тергеуде Зәкір тек Болатқа пышақ сұққанын ғана мойындаумен болды. «Қорқып кеттім. Бандиттер екен деп ойладым. Не істегенімді өзім де білмей қалдым. Менікі қорғаныс қой. Тым жақсы қызбен қыдырып жүргенде біреу бетіңе үніле қарап, «Токта!» десе, қорқып кетесің ғой. Кім болса да сөйтеді» – дегеннен басқа ештеңе айтқан жоқ. Көңіле медегі – Болаттың сауығып келе жатқаны. Бүгін Әзіз өткенде Айғанымға қолданған әдісін байқап көрмек болды.

Зәкірді кабинетке кіргізген кезде оның өңінде масаттану басым болса, сәлден соң, оның көзі үстел шетіндегі шумакталған «құс қанат» жіпке



– Дәл солай полковник мырза! Бар күшті саламыз.

Қылмыскердің өз ізін жасырып, қашып жүргеніне қарағанда қоше бұзқасы емесіті, оның айдалы және қатыгез екені байқалады. Кабинетте Әзіз бен Болат тығырыққа тіреле ойлануда. Іздеуден әлі нәтиже жоқ. Жақсыбайдың туыстары қылмыскерді табуды сұрауда. Іс облыс көлемінде шу көтерді. Қылмыскердің осы уақытқа дейін табылмай жатқаны полиция бөліміне нұқсан келтіретіні анық. Осы кезде телефон соғылды. Қала сыртында тұрар таксистердің бірі екен. Өзінің есімі Болат екенін айтқан адам қарлығыңқы дауыспен такси тоқтар жерде электр бағанна жапсырылған суреттегі адамды көргенін, оны бір мекенжайға апарғанын баяндады. Оның сол жерде күте тұруын өтініп тергеушілер асығыс көлікке отырып, қала шетіне бағыт алды. Бұлар жеткенде әлгі таксист күтін тұр екен.

– Жігіттер, тездетіңдер, қаншама уақытым кетті, сендерге бекер хабарластым ба деп қалдым... Кешіктіңдер ғой...

– Көшедегі жол жөндеу кердегі боп... Айыпқа бұйырмаңыз. Көп уақыт алмаймыз. Бізге ол адамды қай жерден көрдіңіз, қай жерге алып бардыңыз сол ғана керек.

– Ол адамды мен осы жерден көлігіме отырғыздым, осы қамыс арасынан шықты. Мен неге оның жолмен шықпағанына қарап күмәнданған болатынымын. Оны мен «Спальный райондағы» вулканизацияға алып бардым. Ақшамды төледі.

Әзіз бен Болат дереу көлікке отырып жұрт «Спальный район» атандырып жіберген ылғи көпқабатты үйлер орналасқан, қала шуынан алыс, тыныш аймаққа келіп таксист айтқан дөңгелек үрлеу-желімдеу мекемесіне келді. Екеуін де бір ой мазалайды: «Вулканизацияда істей ме екен... Құдай-ау, қылмыскер қалада, көз алдымызда жүріп қылмыс жасап жүрген ме...»

Олар келген кезде мекеме жабық тұр екен. Тұрғындардан сұрастыру барысында оның жабық тұрғанына біраз уақыт болғаны белгілі болды. Көп қабатты үй тұрғындарының дені жұмыста, азаңда кетіп, кешке бір-ақ келеді. Адам жасыруына ыңғайлы жер де, жертелелер де көп. Осы кезде патрульдік қызметтегілер хабарласып, іздеудегі адамға түрі ұқсайтын жігіттің бір қызбен бұларға жақын тұста қыдырып жүргенін айтты. Тергеушілер тез шешім қабылдады, не болғанда да қылмыскерге сездірімі бақылап, ұстау керек. Патруль шақырса – оның жасырынып қалуы мүмкін, полиция көлігі бірден көзге түседі ғой... Оның үстіне айыс түні де қараңғы...

Жас тергеуші Болат аға әріптесіне: «Қылмыскерді ұстап, кім екенімді көрсеткім келеді. Өке-шешем мені мақтан етсе екен деп ойлаймын» – деген арманын айттып келе жатқанда анадайдан екі адамның сұлбасы көрінді. Екеуі қол ұстасып келеді, қаншама қараңғы болса да, үй терезелерінен түскен әлісіз жарықтардың өзі оның талдырмаш, жас қыз екенін анық көрсетеді. Жігіт кекселеу. Бұлар келесі бір үйдің кіре берісі алдындағы жарық тұсында әлгілермен қатарласты. Жігіт сезімі жайлы, ұнатқаны туралы айтты келеді. Таныс сөздер сияқты. Әзіз бен Болат оларға тақай келіп, үніле қарағанда жігіттің Зәкір екенін таныды.

Ол сезіктенді, қызды тастай сала қашпай жөнелді. Әзіз оның алдын орай жүгірсе, Болат тура соңынан

түсті. Қылмыскердің енесі түсіп кетті. Әзіз оны байқамаған болып, қағаз жазу үстінде. Он минут өте Зәкір сыр бер бастады.

– Әй жігіт! Сұрағың болмаса, мені қайтар. Мен шындықты айттым. Уақытыңның есептеулі екенін білесің ғой. Асып кетсе, өзіне қиын ғой.

Әзіздің насанында «Мынау біраз нәрседен хабары бар кәнігі қылмыскер ғой» деген ой атойлай жөнелді. Тағы да қулыққа басты. Телефонды алып, кезекшімен сөйлесті. Оның жауабына үлгіртпей, тездеті өзі сөйлеуде:

– Дұрыс... «Құс қанат» жіптегі отпечатка нақтыланды ма, екі адамның саусақ ізі бар ма екен. Дұрыс. Енді салыстыру жасаймыз. Запалтағы үшінші үйді қарадыңдар ма?

Осы кезде ыңырысқандай бір дыбыс шықты. Зәкір тісін қышыратты.

– Сволыштар... Прваларың жоқ... Ордер қайда, санкция қайда... Неге менсіз тінтесіңдер. Сотқа берем...

Әзіз қылмыскерді тұзаққа түсіргенін сезді. Әуелі Айғанымның ұнтақпаға жазылған сөзін тыңдапты, сонан соң дүкен сатушыларын, жанармай құю бекеті операторының сөздерін тыңдапты. Жақсыбайдың әйелінің зарлы дауысынан кейін Зәкірдің басы салбырап кетті. Келесі күні бүкіл айғақтар, куәлар сөзі жазылған хаттамалармен таныстырған Әзіз Зәкірдің Алматы облысынан келгенін, мұнда пәтерде тұрып, оны-мұны жұмыс істеп күн көретінін анықтап үлгерген болатын.

– Ал, азамат! Қылмысқа қалай барғаныңды, Жақсыбайды қалай өлтіргеніңді айта беріңіз? Одан кейінгі ісіңіз белгілі ғой...

– Жок. Мен оны өлтірген жоқпын...

– Оған сұғылған пышақ та, тергеушіге сұғылған пышақ та – бір боп шықты. Міне, сараптама қорытындысы. Онымен танысып шықты, бірақ ашылар емес. Әзіз енді басқа қырынан келуді ұйғарды. Ондағы тірегі: Бұл мұнда неғып жүр. Алматыдан қашып жүрген болуы керек. Ол жақта да қылмыс жасаған болар...

– Айтпасаңыз – өзіңіз білесіз. Одан сізге жеңілдік жоқ. Алматыдан запросыма жауап келгенде сөйлесемін сізбен. Сосын «құс қанат» жіпті ұмытпаңыз...

Міне, сол сәт... Зәкір қинала ыңырысы. – «Әй бала! Жаз! Бірін қалдырмай жаз. Әйтпесе, айнып қалуым мүмкін».

Ол барлығын айтты. Жақсыбаймен бұрын бір жерде жалданып жұмыс істеген екен. Ол сыра алып, ішкелі тұрғанда бұл кезіге кетеді ғой. Бұл басы ауырып тұрғанын, ақшасы жоқ екенін айтты, ол айлық алып келе жатқанын айтты. Міне, арам ой осы тұста туған еді. Зәкір оны бұрын бір рет көрген, адам таппас қамы арасына апарды... Үйді тексеру Зәкірдің бұдан да басқа біраз қылмысы барын көрсетті. Екі сақшы қоршауында пәтеріне барған Зәкір төсек үстінде жатқан шумакталған «құс қанат» жіпті көрді де басын ұстап отыра қалды. Тағы да бір жіркенішті, тағыға тән ырыл естіді. Бірақ, ол кезде қылмыскер сол жіп арқылы өзі қолын байлап, зорлаған әйелге қатысты, ғашықтығын айттып алдап, бір қыздың үйін тонаған қылмыстары ашыларын білмеген еді. Оның бар ойы Алматы облысындағы қылмыстары ашылмай тұрып, мындағылармен сотталып кету болатын. Бірақ, жаратуымын, сол шумакталған үзік жіпті әділдіктің салтанат құруына кілт еткен еді.

**Бекмұхамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ**

Соңы. Басы №78 санды.

ҚАЛА ЖӘНЕ АДАМДАР

Осыдан бір ай бұрын Астанада дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында Қазақстанның әр өңірінен жиналған шеберлер алып құрақ көрпе тігіп, әлем рекордын жаңартқан болатын. Еліміздің түкпір-түкпірінен 450-ден астам шебер келіп қатысты. Осылайша олар жер-жаһанды жаңғыртқан жобада рекордтар кітабына енетін әлемдік рекорд орнатты. Міне, солардың ішінде жерлесіміз, қолөнер шебері Күлсін Арзымбетова да бар.

# «Аламан құрақ» Жобасына үлес қосқан шебер



жақсылық күтетіндей қарайды. Иә, мен де дәл сол кезде сондай сезімде болдым...

Бірақ ол мен үшін мүмкіндігі шектеулі емес, мықты жан. Неге десеніз, он екі мүшесі сау, аяқ-қолы балғадай кейбіреулер өмірдің болмашы сынағанын сүрініп, бәз кешіп жатады. Ал тек мықтылар ғана тағдырдың тартуына тура қарап, бас імейді, кездескен түрлі кедергіні жеңуге тырысады. Күлімдеп отырып күреседі. Міне, Күлсін апамыздың да мықтылығы осында.

«Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген дана шайырлар. Менің кейіпкерім жақсылар қатарынан. Жаны нәзік бола тұра ауыр мұң кешсе де жауға берілмеген Әлия мен Мәншүктей қайсар мінезді Күлсін Арзымбетова да туа бітті белгісіз дертпен өмір бойы күресіп келеді. Бүгінде оның алға қойған айқын мақсаты бар.

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, 7 сынып оқып жүрген кезімде қатты тұмаурауып, соның салдарынан құлағым естімей қалды. Онысыз да дүдәмал күйде жүрген мен үшін бұл да оңайға соқпады, – деп кейіпкеріміз өткенге сәл шолу жасалды. Дегенмен бізге Күлсін апайымызбен әңгімелесу еш қиынға соқпады. Тек оған қарама-қарсы отырып, ақырын ғана сөйлесеніз болғаны. Ол ерлінің қозғалысы арқылы екінші адамның не айтып отырғанын біле қояды.

### «Көрмеден көп нәрсе үйреніп келдім»

Бұл – кейіпкеріміздің сөзі. Елордала өткен көрмеден олжалы қайтқан жерлесіміз әңгіме арасында әсерімен де бөлісе кетті.

– Бұл жобаға біз жылдың басынан бастап дайындала бастадық. Қолөнершілерге ұсыныс келді. Бір айта кететіні, әр өңірден келген шебер нелерінің ішінде арбада отыратыны мен ғана екен. Осы күйіме қарамастан көрпе тігуге кірісіп кеттім.

Кілем тәрізлес жайылған 450 көрпенің жалпы көлемі 11200 шаршы метрді құрады. Ені – 16 қатар, ал ұзындығы 252 метр, 28 қатар болды. Көрпе тігу барысында «Тауарта», «Аламан», «Сынық мүйіз» құрақ техникалары және төртқұлақ қошқар мүйіз, өсімдік оюлары қолданылды. Жан-жақтан жиналған шебер нелерімен танысып, біраз нәрсе үйрендік. Жалпы керемет ұйымдастырылған жобаға қатысқанға қуанамын. Алдағы уақытта да тек бұл жетістікпен тоқтап қалмаймын. Бұл да қолөнер саласындағы бір бәлесім деп білемін, – деді Күлсін апайымыз.

Расында да кейіпкеріміз көлөнерге өте жақын. Бос уақытын текке өткізгісі келмейді. Бастапқыда ол тоқыма тоқумен айналысты. Біле білген адамға тоқыма терапиясы оң әсерін тигізеді.

– Тоқыма ми жұмысын жақсартатынына өз басым көзім жеткен. Себебі тоқыма тоқу – шығармашылық жұмыс болғандықтан, артық ойдан арылып, көңілің бөлінеді. Тоқудың тәсілін ойлап, соның ішіне қалай еніп кеткеніңді де байқамай қаласың. Жан-жағыңды ұмытасың. Бар назарыңды соған аударып, жаның тынышталды, – дейді тағдыр сынағына мойымаған қолөнерші бізбен әңгімесінде.

Оның айтуынша, тоқыма тоқуға айтарлықтай шеберліктің, қанмен келер ісмерлік қабілеттің де қажеті шамалы. Тек адамда үйренуге деген ынта мен төзімділік, шыдамдылық қасиет болса, жетіп жатыр. Өйткені кейіпкеріміз де өз бетінше іс тігіп, содан қуат алып, кәсібін жүргізіп отырған талапты жанның бірі.

Ол қол қусырып отыруды жаны сүймейді. Ел қатарлы еңбек етуді ойлайды. Тоқымадан соң тігіншілікті үйренгісі келген Күлсін апайымыз Ұржамал Дүйсеналиеваның үйірмесіне қатысуды жөн санайды.

– Ең алғаш үйірмеге келіп, керекті заттарды түгендеуден бастағаным есімде. «Даму» қоры тігін машинасын берді. Бірақ қалай пайдалану керектігін білмеймін. Ине, жіп, мата ешқайсысы түгел емес. Оның үстіне үйдегі қайшы да өтпейді екен. Кейіннен бәрін реттедік, – деп кейіпкеріміз бір күліп алды. Қызықты басталған кәсіп бүгінде жалғасын табауда. Осы күні ұзатылатын қыз жасауына қажетті көрпеше, жастықтарды қазық оюмен келістіре отырып, одан соң тойға тартуларды, балалар ойыншықтарын тігеді. Бір байқағанымыз, ол жылдам қимылдайды. Сүйікті ісіне әбден машықтанып алған. Түрлі көрмелерге, қолөнершілер жиынына қатысып, жүдделі орындарға ие болып жүр. Күлсін шебердің тұрақты тұтынушылары баршылық. Бағасы да қонымды.

Күлсін апайымыздың тынымсыз бұл тірлігі он екі мүшесі сау бола тұра екі қолға бір күрек таппай сенделген кейбір жандар үшін үлкен өнеге болары сөзсіз...

### Жақсы адамның үйі қашанда жарық

Осыдан бірнеше жыл бұрын кейіпкеріміз мемлекет қолдауымен баспаналы болды. Жақсы адамның үйі жылы, жарық, жинақы екені көзге түсті. Сондай-ақ бөлме гүлдерін өсіргенді ұнатады екен. Үйдің аурасы өзі секілді жайлы сезілді. Әрбір нәзік жандар секілді тазалықты, әдемілікті жаны сүйетінін байқадық.

Бір кезде аз бөлмеге кірді. Қазак қонақжай халық емес пе... Әңгіме арасында арабысымен жүріп, шайын қойып, дәмді асын пісіріп үлгерді. Құдайдың құдіретін қараңызшы, екі аяқтан қалса да, шапшаң қимылдайды. Жоғарыда тұрған ыдысты тақпен іліп алып, күндегі тірлікке қалыптасып үйренген. Тіпті менің көмегімді де керек етпеді.

– Көңіліне рақмет. Сен қонақсың, отыра бер. Алла берген өмірде адам маңдайына жазғанын көреді. Соны қабылдап үйрену керек. Соған қарай бейімделу қажет деп ойлаймын. Қолымнан ешнәрсе келмейді, жүре алмаймын деген болмайды. Талпыну қажет, – дейді дастархан басында.

Негізі Жаратқан «мұсылманның душар болған ауру, шаршау, дерт, қайғы, тіпті ұайымдаған ұайымы арқылы кейбір құшаларын кешіреді» дейді. Бұған қоса душар болған ауруы мен өмірде кездесетін түрлі қиыншылыққа сабыр ете білген адамның бір сағаттық гивадатына, тіпті бір минуты бір күндігіне тең болады екен. Осылайша қысқа ғана өмірдің берекесі тасып, құмыры ұзара түседі. Әрі сабыр ету арқылы өзге жандардың түні бойы намаз оқып ала алмаған сауабына кенеледі. Демек, сынаққа сүрінбей, тек жақсыны ойлаған біздің ақ жүрек кейіпкеріміз мол сауапқа кенелініші дегіміз келеді.

### Бүгінгі Күлсін Арзымбетова қандай?

Ол жалғыз емес. Оның жанынан әркез қамқор бауырлары, тілеулес достары табылады. Сонымен қатар қызы, бес немересі бар бақытты ана, әже болып отырған жайы бар. Сондай-ақ тоқыма, тігін секілді күнделікті айналысатын сүйікті ісі мен шеберді іздеп тұратын тұтынушылары да баршылық.

Күлсін апайымыздың айтуынша, бұл шағын ауданда көбіне қоғамның әлсіз топтары тұрады екен. Ал біз керісінше мұнда біздің кейіпкеріміз секілді өмірге құштар жандар тұрады деп айтар едік...

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

## ІЗГІЛІКТІ ІЗДЕП ЖҮРМІЗ

(Бүгінгі ертегі)

– Анашым, ертегі айтыңызшы.  
– Баяғыда Асан мен Үсен деген бала болыпты.  
– Ой, бұл ертегіні көп тыңдадың ғой.  
– Онда «Бауырсақты» айтайын.  
– Жаңа ертегі айтыңызшы. Өзіңіз «сендердің замандарың басқа» дейсіз ғой.

– Онда жаңа ертерлік іздейін.  
Бес жастағы бұлдіршін анасын ойлантап тастады. Сөзі түйеден түскендей. Кейде осылай састыратыны бар. Өзі ақылды-ақ.

\*\*\*

– Анашым, ертегі таптыңыз ба?  
– Иә, мен саған бүгін жаңа ертегі айтамын.  
– Алақай, тез айтыңызшы.

\*\*\*

Баяғыда Ізгілік атты хан өмір сүріпті. Атына заты сай ханды барша ел жақсы көріп, қатты құрметтейді екен. Себебі ол ешқашан дәулетіне масаттанып, асып-тасыған емес. Бүгінгідей жетістігіне тек жақсы тәрбие, адал еңбекпен жетіпті. Сол себепті әрдайым адал еңбек, адалдық, ізгілік пен қайырымдылықты насихаттайды екен. Көпке сөзімен емес, ісімен үлгі болыпты. Жалқаулықты жаны сүйейтін хан әрдайым еңбеккер халықтың жанынан табылады екен. Тіпті нағыз еңбек адамының атын әлемге таныту үшін арнайы сый тағайындапты. Еңбек адамын төрге шығарып,



оларға үлкен құрмет көрсетуі, сый-сияпат жасауы ақсаусактарға ұнай қоймай, қызғаныштан іші қыжылдайды екен. Ал адал еңбек иелері күн санап көбейе беріпті. Жағдайлары жақсарып, әрдайым Ізгіліктің шапағатына бөленіпті. Ізгілікпен бірге қайырымдылық, мейірім, жомарттық адалдық, тазалық, кішіпейілділік қатар өмір сүріпті. Ал ақсаусактар ше? Олар қалай күн көреді? Қолынан іс келмейтін, өзгерлерді көре алмайтын ақсаусактар айнасын асыруды ойлапты. Бір күні олар ойласа келе араларынан біреуін Ізгілік ханның қарамағына жұмыс істеуге жіберіпті. Ондағы ниеті Ізгіліктің ойын өзгерту болса керек. Ойласа келе, Құлқын атты көмекші Ізгіліктің алдына жұмыс сұрай барды.

– Адал еңбекті бағалайтын атағыңызды естіп, сізден тәрбие алсам деп келдім. Қандай жұмыс болса да істеуге дайынмын, – дейді Құлқын.

– Жарайды, бізге бағбан керек еді.  
– Қолыңнан келеді.  
– Ендеше, іске кіріс.

Құлқын ханның сеніміне кіру үшін барын салды. Алақанының ойынғанына қарамастан шөп жұлып, гүлдерді баптады. Ерте келіп, кеш қайтты. Осылайша күн артынан күн өтеді. Қандай іске жұмсаса да иіліп тұрады. Ай артынан ай өтіп, жыл артынан жыл өтеді. Елгезек Құлқын да еңбегімен елге танылып, ханның сенімді көмекшісіне айналады. Еңбекпен жетістікке жетуіне болағанына Құлқынның көзі жетсе де өзінің арам пияғын іске асыруды ойлайды. Оның ойы – онай жолмен байлыққа ие болу. Өз ниетін жүзеге асыруды ойлаған Құлқын Ізгіліктің санасын ұлай бастайды.

– Сіз шартарапқа белгілі хансыз. Ал сіздің жағдайыңыз кетпен шапқан жұмысымен бірдей. Үнемі жаяу жүресіз. Хан деген атқа лайық болуыңыз керек. Әуеліде бұл сөздер ханның ызаасын туғызады. Қатты ашуланады. Алайда Құлқынның күн сайын әңгіме арасында «Сіз хансыз. Сіз бәрінен биік болуға лайықсыз» деген сөзі оны ойлаңдыра бастады. Кейде бұл ойынан ұялып, мен жақсылықтың, еңбектің жаршысымын десе де, Құлқынның күн сайынғы сөзі Ізгілікті де жеңе бастады. «Сіз халықпен бірдей емес, олардан биік болуға тиіссіз. Аты аңызға айналған ханды көргісі келгендер алтынмен алпапқан, күміспен қапталған сарайды тамашалайтын болсын» дегенге Ізгілік те ойлана келе бұл жұмысты Құлқынға тапсырды. Тапсырма алуға зар болып жүрген Құлқын іске білек сыбана кірісті. Көзді ашып-жұмғанша зәулім көкпен таласқан сарай салынды. Ізгілік еліне тек зәулім сарайдың биігіне шығып қарайтын болды. Халықпен күн сайын емен-жарқын сөйлесетін ханның есігіне кіру қарапайым жұртқа мұң болды. Ізгілік кейде мұнған дұрыс болмады-ау деп ойлана бастаса, Құлқынның сүйектен өтер сөзі санасын ұлап, мойын бүргүзбайтын болды.

– Ел сізге сый-сияпат жасап жатыр. Бұл ең еңбеккер адамның ісі, – деп, Құлқын ханның айналасына жағымпаз, жалқау, екіжүзді, айлакер, қу достарын өкеле бастады. Уақыт өте келе Ізгілік құрған қоғам да өзгерді. Бұрынғыдай адал еңбектің емес, айлакер мен қудың заманына айналып, ел қиын уақытты бастан кеше бастады. Баяғыдай еңбекке жұмылған ел жоқ, адал еңбекке құрмет жоқ, бәрі де бір Құлқынның құлына айналды. Тіпті Ізгілік те Құлқынның дегенінен шықпай, байлыққа масаттана бастады. Кейде өзінің адасқанына өкініп, өзіне айналысы келсе де бұлкіздеген Құлқын қалай айнытып жібергенін өзі де түсінбей қалады.

Ал халық Ізгіліктің өз болмысына қайта оралуын күтіп, үмітін үзбейді.

– Анашым, ертегіні өзгертсек бола ма?  
– Қалай?  
– Ізгілік Құлқынмен дос болмай-ақ қойсының.  
– Ендеше, ертегіні қалай аяқтауды оқушының өзіне қалдырайық...

Гүлбібі МҰРАТ

### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ...

– Өй, мыналар не? Тағы да қоқыс па?  
– Әке, кітаптар ғой. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу. Бес қапқа зорға сыйды. Анашым үйге сыймайды делі, – деді ойын баласы Аслан.

– Кім сендерге далаға шығар деген? Жұмыстан көңілді оралған әкесінің лезде түсі өзгеріп сала бергенін байқаған Аслан асүй жақты иегімен нұсқалды. Сабыржан аяққимың де шешпестен асүйге енгелей кірді.

– Не болып қалды, соншама?– деді әйелі Ақсәуле.  
– Далаға шығарғаның не?  
– Енді қайда қоямын?  
– Данғаралай 7 бөлмеден орын табылмады ма? Несіне көштік зәулім үйге?  
– Кітапхана жасау үшін емес...

– Табиғатынан сабырлы Сабыржан айғай-шу дегенді жек көретін Бұл жолы да үнсіз қалды. Қап-қап болып сірескен бар байлығын төрге сүйрей жөнелді. Бұл ісін оғаш көрген әйелі ашуга мінді.

– Қайда апарасың?  
– Төрте тұрады.  
– Төрте орын жоқ. Кітап толы қапты арқасына салып алып төрге озған Сабыржан залдағы аппақ жиһаздың алдына бір-ақ тоқтады. Сервант іші моңашталған ыдыстарға толып қалыпты. Бірінен-бір өтеді. Құдды музейдегідей дерсін.  
– Мына дүниелер қайдан келген?  
– Кеше өзіңе айттым емес пе? Бүгін барып несиеге алдым. 500 мың теңге болды. Ай сайын бөліп төлегенде түк емес екен. Өйтпесе ала алмаймыз ғой. Қымбат ыдыстар ғой. «Вигалинаның» вазалары. Ал мынау таза қайың ағашынан жасалған.

# Үйге сыймаған байлық



Сілейген күйі қатып қалған Сабыржанға әйелі сонау бір ғасырлардың жәдігерін көрсеткендей әр ыдысты аялап түсіндіріп жатыр.

– Мұндағы моңаштардың өзі қымбат. Кеше Айгүлдің үйінде байқалды ба? Ол арзан екен. Мынау «оригинал».

Жылт-жылт еткен ыдыстар жұтының тұр. Жарық сәулесімен жымнадайтын сияқты. Ақсәуленің майын тамызып түсіндіргеніне, аппақ ыдыстарға қарап Сабыржан да қызығып қарап қалғандай. Осы үнсіздікті пайдаланып Ақсәуле де кітаптың «тағдырына» кесім айтты.

– Әзірге әкемің сарайына қоя тұрайық. Кейін мына жерден уақытыңа салсақ орын табылар.

Сабыржан қап толы кітапқа бір, әйеліне бір қарады. Санаулы минутта бүгінгі күнге дейінгі отбасылық өмір кино ленталай көз алдынан зырығып өтті.

Сабыржан мен Ақсәуле отбасын құрғанда басында баспанасы да жоқ еді. Әркімнің босағасын сығалап, пәтер жаппа күн кешкен жас отбасы кейде аш, кейде тоқ болса да, арманы асқақ еді. Күн сайын кешке жүрек жағып алған соң екеуі өлең оқып жарысатын. Екеуі кезек-кезек өлең

оқығанда поэзия кеші өтіп жатқандай ма дерсін. Әдебиетші Сабыржан қолды сермеп өлең оқығанда, тыңдаушы Ақсәуле ризалықпен қол соғатыны, пәтерден-пәтерге көшкен сайын бар дүниесі жарты қап кітапты тастамайтыны кеше ғана еді. Кітапқұмар жастардың бар байлығы да осы болатын. Жас жазушының аз-маз қаламақсымен күн көрген отбасы иелері кейде бір баспана болуды армандап, әлі қолы жетпеген жаңа үйдің бір бөлмесін кітапхана етуді армандайтын еді...

Уақыт өте жағдай жақсарды. Армандаған зәулім үйге де қол жетті. Ендігісі, міне...

Кешегі оқиғаны тағы бір ой елегінен өткізіп, алдындағы мақаласын түзеген болып отырған Сабыржанның кабинетіне әріптесі Ақбота ентелей кірді.

– Сабыржан, үй жақта тұрған вагонды сатайын деп едім. Сен жер үйге көштің ғой, үйдің артық заттарды қоюға керек ғой. Іші қапталған, қыста жылы, жазда салқын. Тіпті өзіне кітапхана жасап қойсаң да болады, ақшасын бөліп берерсің.

– Кітапхана... Кітаптарымды сөре жасап, төріне қойсам бола ма? Қыста жылы дейсің бе? Ол жерден ешкім енді сыртқа шығарып тастамайтын шығар...

– Не дейсің?  
– Аламын! Кітаптарым үшін аламын.

Сабыржан жерден жеті қоян тапқандай, әріптесін құшақтай алды.

Гүлбібі МҰРАТ

Меншік ісесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)  
**Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН**  
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірмен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарсамен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
**Таралымы 3498** Дәулеткерей №1573  
Нөмірдің кезекші редакторы Тәуір ҚЫРДАН